



Міржақып Дулатұлы кім?

Міржақып Дулатұлы (25 қараша 1885 жыл, Торғай облысы, Ресей Империясы – 5 қазан 1935 жыл, Соловки лагері, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) — қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері, либералды-демократияшыл зиялылардың бірі.

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында, қазіргі Торғай облысының Жанкелдин ауданында, «Қызбел» совхозының жерінде туған.

Әкесі Дулат әжептеуір ескіше оқыған, өз дәулеті өзіне жетерліктей дөңгелек қана шаруасы бар тауфихты адам болса керек. Балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, сонсоң орысша оқытып, заң қызметіне бейімдеп үлгірген Дулат кіші баласы Міржақыпты да сол дәстүрмен әлдегенде ауыл молдасына береді.

Бірақ Жақаңның (Міржақыпты кейін ел осылай атап кеткен) өз айтуынша, екі жыл азап шеккеннен басқа ештеңе ала алмағаннан кейін, әкесі молдадан шығарып алып, ауылдық мектепте орысша оқытатан Мұқан Тоқтабайұлы деген мұғалімге береді.

«Менің алғаш білімге көзімді ашқан сол кісі еді» - дейтін Жақаңның тағы бір сөзі оның өнер - білім жолындағы ұзақ жылдар бойғы жемісті ізденістерінің бастауы дәл сол Торғайдың өз топырағында жатқанын аңғартса керек.


Шығармашылық мұрасы

Міржақып Дулатұлы — әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Алғашқы кітабы — "Оян, қазақ!" деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орынборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы — ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы "Оян, қазақ!" жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітап тұтқындалып, авторы қуғынға ұшырайды.



“Бақытсыз Жамал,” кітабы

Өзінің шығармашылық жолын ә дегеннен өлеңнен бастаған Міржақып проза жанрына да қалам сілтейді. 1910 жылы оның осы жанрдағы туындысы “Бақытсыз Жамал” романы Қазан қаласында басылып шықты. Бұл – қазақ әдебиетіндегі таза көркем проза үлгісінде туған тұңғыш роман еді. Кітап 1914 жылы екінші рет басылды



Басты идеясы

Бұлардың бәрі де сол кезектегі аса маңызды әлеуметтік мәселеге арналды.

Қазақ ауылының тұрмысы жайында жазылды. Әйелдердің бас еркі,

қоғамдағы жағдайы туралы баяндады.

«Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі

әдет-ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Сүйгеніне

қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық

ЖОЛЫ.

Міржақып

Дулатұлы

туралы

фильмдер

- 1993 — «Міржақыптың оралуы», режиссері: Қ.Умаров
Жанры: деректі фильм. Өндіріс: «Қазақтелефильм,»

- 1994 — «Алаш туралы сөз», режиссері: Қ.Умаров
Жанры: деректі фильм. Өндіріс: «Қазақтелефильм,»

- 2009 — «Алашорда», режиссері: Қ.Умаров
Жанры: деректі фильм. Өндіріс: «Қазақфильм» Шәкен Айманов
атындағы

- 2023 - «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі. Фильмде Алаш қайраткері өмірінің 1909-1935 жылдары қамтылған.

Мәңгілік Міржақып...

1913 жылы ол Ахмет Байтұрсынұлымен бірге "Қазақ" газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады. 1920 жылы Ташкентке келіп, сондағы "Ақ жол" газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң, 1922-1926 жылы Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады. 1928 жылдың аяғында бір топ қазақ зиялыларымен бірге қамауға алынады да, он жылға сотталып, 1935 жылы тұтқында қайтыс болады.

Назарларыңызға рақмет!

Жоба авторлары: Өндірбек Айжан & Саттарқызы Нұрайлым